

ЖШС «Шалхар-Ата» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңестің хаттамасы №1

Қатысқаны: 18 адам . 06.09.2022ж

Қатыспағаны:3 адам.

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. Өткен оқу жылында балабақшаның материалдық - техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру.
3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша шаруа меңгеруші А.Медетова сөз алып балабақшаның материалдық жағдайын нығайту үшін біраз тұрмыстық техникалардың алынғанын айтып өтті. Тағамдардың сақталуы мен бұзылмауы үшін жаңа тоңазтқыш, балаларға, қолайсыз ауа-райы, күндері ойнауы үшін холға арнайы пластмасса сырғанақ пен әткеншек және бөбектерге майда шариктермен ойнауы үшін манеждер алынғаны туралы айтып өтті. Алдағы оқу жылында әр топқа ұйымдастырылған оқу қызметтеріне пайдалану үшін екі топқа жеке-жеке теледидар сатып алып беруге ұсыныс тастады. Топтарға кеңсе заттары мен жұмсақ қатты ойыншықтар сатып алу керектігін айтты. Екінші мәселе бойынша медбике З.Ембаева «Мектепке дейінгі ұйымда тамақтану» тақырыбында баяндама оқыды. МЖД баланың тағамына пайдалы дәрумендері бар: ет,

балық, сүт өнімдері, дәнді дақылдар бай болуы керек.

Дұрыс тамақтану - өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор. Балалар тамағын ұйымдастыруда, ерекше назар аударатын жайт, баланың бейімделу кезеңіндегі тамақтану тәртібі. Балабақшадағы балалардың тамақтану үдерісін қадағалау, жұмыстарындағы медбикенің міндеттері: жеткізілген азық-түліктердің сапасын бақылау; сақтау мерзімінің талаптарын орындау; ас мәзірінің құрамы, тағамдардың мөлшерін қадағалау; ас мәзірінің сапасын қадағалау. Балалардың күнделікті ас үлесінде бірдей азықтар қайталанбайды, ал балық аптасына бір рет беріледі.

Балалардың тамақтануының гигиеналық негіздеріне тоқтала кетейік.

Балабақша меңгерушісі

А. Медетова

Шаруашылық меңгерушісі

Н. Култаев



ЖШС «ШалхаАта»бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңестің хаттамасы №2

Қатысқаны: 21 адам. 05.12.2022 ж

Қатыспағаны: 0 адам.

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Құжаттарды толтыру қорытындысы.
2. Ағымдағы жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері.
3. Жаңа жыл мерекесінің бағдарламасын бекіту.
4. «Жедел тексеру. 1) Өрт сөндіргіштердің жаңа жылдық мейрамдарға дайындығы.
- 2) Топтарда ауа-райы күнтізбесін дұрыс жүргізу.
5. Қ.Р. Тәуелсіздік күні мерекесі күніне орай таңертеңгіліктерді өткізу барысында тәрбиелеу міндеттерін орындау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші А.Т.Медетова балабақшадағы құжаттарды толтыру жұмысы жақсы жолға қойылғанын айтты. Мекемеге кірген кіріс және шыққан шығыс құжаттары уақытылы толтырылатынын сонымен қатар өндірістік бұйрықтар мен жеке құрал бойынша бұйрықтар уақытылы жазылып қызметкерлерге таныстырылып отыратынын айтты. Тәрбиешілерге құжаттарды уақытылы бекітіп, керегіне қарай түптетіп отыру керектігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша балабақшадағы жүргізіліп жатқан іс-шараларға талдау жасалды. ҚБББ-нен келген қаулы бұйрықтар бойынша мәліметтер беріліп, т.б жұмыстар жүргізіліп жатқаны айтылды. Тәрбиешілер апта сайын балаларға ертегі көрсетіп (қуыршақ театрын) отырғаны да айтылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер тәрбиешілердің жаңа жыл бағдарламасын бекітуге ұсынды. Бағдарлама ойын , ертегі, көріністер мен тосын сыйларды толық қамтыған. Мерекеге бейнетүсірілім мен суретші шақырылатын болды.

Төртінші мәселе бойынша шар қ меңгерушісі Н.Култаев сөз алып жаңа жылда шырша құру кезінде орт қауіпсіздігін сақтауды тапсырды . Өрт сөндіру құралдарының түгел екені айтылды. Тәрбиешілерге балалардың жарылғыш (қытай ойыншығын) заттарды бақшаға әкелуін тапсырды. Ата-аналарға балаларына тез тұтынғыш от шашуларды әпермеуіне кеңес беруді ұсынды. Топтарда тәрбиешілердің табиғат бұрышында ауа-райы күнтізбесін дұрыс жүргізіп жатқаны айтылды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиешілер күнде таңертең балалар гимн орындап, патриоттық әндерді орындап жүргенін айтты. Күнде таңертең ертеңгілік жиындар өткізіліп жатқаны айтылды. Қазақстан жері, байлығы, табиғаты туралы видеофильмдер көрсетілуде Ерлік туралы ертегілер көрсетілуде екені айтылды.

1. Құжаттар тек мемлекеттік тілде толтырылсын.
2. Жаңа жыл бағдарламасы бекітілсін 27,28,29 қаңтар күндері таңертеңгі сағат10:00де өткізілсін. '
3. Таңертеңгілік жиын күнделікті өткізілсін.

Балабақша меңгерушісі:

А. Медетова

Шаруашылық меңгеруші:

Н. Култаев



ЖШС «Шалхар-Ата»бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңестің хаттамасы №3

Қатысқаны: 18 адам. 03.02.2023 ж

Қатыспағаны: 3 адам.

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. Нұсқау: «Мектепке дейінгі мекемеде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау».
2. Балабақша қызметкерлерімен қауіпсіздік шараларының нұсқауын ұйымдастыру.
3. Балалардың тамақтану сапасын көтеру. Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау, күн тәртібін орындау жөнінде кезекші тәрбиешілердің есебі.

Бірінші мәселе бойынша медбике З.Б.Ембаева балабақша меңгерушісі мен кәсіподақ ұйымның төрағасы бірлесіп бекіткен балалардың өмірін қорғау мен денсулығын сақтау нұсқаулығын оқып беріп таныстырды онда балалардың өмірімен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау балабақша тәрбиешілері үшін орындалуы міндет екені айтылған. Тәрбиешілер күн тәртібінің барлық сәтінде баланың эрекетіне бақылау жасайды. Балаларды өрмелеу және спорт жабдықтарында айналысу кезінде оларды сақтандырып отыруы тиістігі, сабақ материалдары қауіпсіздік техникасының ережелерін сай келуі тиістігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша балабақша қызметкерлері пікір алмасып, балабақшадағы қауіпсіздік шараларын күшейту туралы айтып өтті. Балаға қауіп төндіретін жерлерді жою керектігі айтылды. Ауладағы сырғанақтың тым биік екендігі айтылды. Жарыс сөзге шыққан тәрбиешілер сырғанақтың биіктігі 40 см қысқарту керектігін айтты. Өткеншектердің орындығы ыңғайсыз орнатылғаны туралы айтылды. Оларды жөндеу жұмысы көктемге дейін бітіру керктігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша қызметкерлер тамақтану мәселесін қарастырып балалар тамағын түрлендіруді, витаминді, тағамдарды мәзірге ендіруді ұсынды. Кезекші тәрбиешілердің күн тәртібі дезинфекция ережесін сақтау туралы есебі тыңдалды. Олар тамақтың пісірілу сапасына жоғары баға қойылды.

1. Баланың денсаулығын сақтау мен өмірін қорғау жұмысы санитарлық-гигиеналық талапқа сай жүргізілсін.
2. Ауладағы эткеншектер мен сырғанақтар қайта жөндеуден өткізілсін.
3. Кезекшілер есебінің қорытындысының шешімдері орындалсын.

Балабақша меңгерушісі:

А. Медетова

Шаруашылық меңгерушісі:

Н.Култаев



ЖШС «Шалхар-Ата»бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңестік хаттамасы №4

Қатысқаны:21

03.04.2023ж

Қатыспағаны:

Күн тәртібіндегі мәселелер.

- 1 .Салыстырмалы тексеру.ҚМҰҚ және экономикалық түсініктерді калыптастыру . «Таным»білім саласы бойынша оқыту қызметін ұйымдастыруды талдау.(ортаңғы,ересектер топтары)
2. Жедел тексеру.Еңбек қызметтерін ұйымдастыру(Барлық топтар)
3. Топтардағы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының өткізілуін тексеру қорытындысы
4. Өз білімін көтеру нәтижелері.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ортаңғы және ересектер тобындағы Қ.М.У.Қ сабағында балаларға беріліп жатқан экономикалық түсініктерге жасалған тексеру қорытындысын әдіскер Г.Сайфутдинова айтып өтті.Балаларға сюжетті рольді, дидактикалық дамыту. Ойындарында экономика элементтері ендіріліп жатқанын айтты.Қоршаған ортамен таныстыру кезінде бала алған білімін дамытады делінді.Сюжетті-рольдік ойындарда ересек топ балалары белсенділік танытты.

Екінші мәселе бойынша барлық топтағы балалардың өзі-өзіне қызмет етуін қадағаланды. Табиғат бұрышында,ас столын жасауда,Ұ.О.І.Ө-не кезекшілік қойылады.Балалардың жұмыс кезінде қауіпсіздігіне,ықшярлығына,тазалығына назар аударылады.Серуен кезінде өз

учаскелерін, ойын алаңдарын тас, ағаш, қағаз қалдығынан тазалайтындығы жолға қойылды. Тексеру қорытындысы бойынша кіші топ тәрбиешілеріне әдістемелік кеңес берілді.

Үшінші мәселе бойынша медбике З.Ембаева мен әдіскер Г.Сайфутдинова тексеру қорытындысын айтып өтті. Әдіскер Мектепке дейінгі ұйымның алдында тұрған жауапты міндет-күрделі, өмірден өз орнын таба білетін дені сау, мәдениетті, шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу.

1. Сауықтыру жұмысының жүйелі өткізу:

-бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға жағдай жасау.

-бала өмірін қызықты мазмұнды ету

-дене және психикалық денсаулығын нығайту.

-валеологиялық білімін спорттың әртүрлі түрлерінде пайдалану екендігін түсіндіріп өтті.

Төртінші мәселе бойынша өз білімін жетілдіру. Мәселелері тәрбиешілердің өз-білімін жетілдіру жұмыстарын тексеру қорытындысын айтып өтті. Баяндама тақырыбына сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізуге кеңес берілді.

Баяндама мазмұнына сай слайд презентация жасау ұсынылды.

Қаулы:

1.Сауықтыру- шынықтыру шараларын өткізуді қадағалау медбикеге жүктелсін .

2.Тәрбиешілер өз білімін жетілдіру жұмысын толықтырылсын.

Балабақша меңгерушісі

А. Медетова

Шаруашылық меңгерушісі:

Н.Култаев

